

**Ғылыми және (немесе) ғылыми-техникалық жобаларды гранттық қаржыландыру конкурсына қатысуға  
ТАПСЫРЫС**

**1. Аннотация**

Жобаның мақсаты: Террористік және экстремистік құқықбұзышылыққа қарсы іс-қимыл саласындағы қабылданып жатырған шаралардың тиімділігін арттыруға көмектесетін ғылыми негізделген ұсыныстар мен тәжірибелік ұсынымдар дайындау арқылы кешенді жүйелі жұмыстың қажеттілігін негіздеу.

Дегенмен, Террористік және діни экстремистік құқықбұзышылыққа қарсы іс-қимыл саласындағы саясаттың олқы жері – радикализм проблемасына ғылыми және сараптамалық түсінік беру болып қалады. Радикализм мен террористік қақтығыстардың ішкі тамырларын сараптауға арналған зерттеулер өте аз жүргізіледі.

Террористік және экстремистік бағыттағы құқықбұзушылықтар қарсы тиімді шараларды дайындау ситуациялық жағынан қарауды пайдалану арқылы қолданбалы ғылыми зерттеулер жүргізу ұсынылады. Зерттеу барысында террористік және экстремистік ұйымдардың қызметінің нәтижесінде пайда болған негізгі қауіптерді ашу, терроризм мен экстремизм мәселелері бойынша қолданыстағы заңнаманың жетіспеушілігін анықтау, сот тергеу тәжірибесін зерттеп ұйымдардың, бизнес құрылымдарының және халықтың террористік қауіп төнген кездегі құқықтары мен заңды мүдделерін қамтамасыз ету бойынша ұсыныстар мен ұсынымдар дайындау көзделуде.

Зерттеу, құқық қорғау органдарының қызметін нормативтік құқықтық қамтамасыз ету мазмұнын және олардың ланкестік және экстремистік шақыруларға қарсы іс-қимыл бойынша ұйымластыру деңгейін анықтауға бағытталған. Зерттеу пәндері террористік және экстремистік құқықбұзушылықтар жасау себептері мен негізгі жағдайларын зерттеу, азаматтарды ланкестік қызметке енгізу себептерінің механизмдерін анықтау болып табылады. Зерттеу барысында басқа елдердің әжірибесін экстрополяциялау мүмкіндігі ретінде отандық және шетелдік заңнамаға салыстырмалы құқықтық сараптау жүргізу жоспарлануда.

Жоспарланып отырған зерттеулердің әдістемелік негізі пайда болатын жағдайлардың көпшілігі зерттеуге, сонымен қатар типтеудің негізгі түрлерін бөліп алуға мүмкіндік беретін ситуациялық тәсілді пайдаланып, соның негізінде қазір туып отырған экстремистік радикалды ағымдардың таралуы және террористік акцияларды жасау мүмкіндігі жағдайында қоғамдық проблемаларды шешудің ұтымды жолдарын қалыптастыру болып табылады. Сонымен қатар ситуациялық тәсіл экстремизм мен терроризмге қарсы іс-қимыл саласындағы тиімді механизмдерді қалыптастыру үшін типтік жағдайларды шешудің оңтайлы бағдарламаларын дайындау мүмкіндігін береді.

Зерттеу барысында алынған ақпаратты жүйелеу және сараптау нәтижесінде, террористік және экстремистік құқық бұзушылықтардың алдын алу, жою және ашуға шоғырланған типтік қызметтердің алгоритмін дайындау жоспарлануда. Сонымен бірге мүдделі органдар мен тұлғалардың өзара қатынасы бойынша қызметтерін ұйымдастыруға үлгілік көрсеткішті механизмін құру жоспарланып отыр.

Зерттеуден күтілетін нәтижелер:

– террористік және экстремистік бағыттағы құқықбұзушылықтарға қарсы іс-қимылды ұйымдастыруды жетілдіру бойынша әдістемелік және тәжірибелік ұсынымдар кешенін дайындау;

- терроризмнің алдын алу және тергеудің ақпараттық-құқықтық ситуациялық моделін, сонымен қатар террористік және экстремистік қызметке қарсы іс-қимылды ұйымдастыру типтік алгоритмын дайындау;

- шетелдік тіжірибе, отандық менталитет және ел мен аумақтың әлеуметтік-экономикалық даму ерекшеліктерін ескере отырып, дайындау қырсы іс-қимылдың негізгі элементтері кіретін Жалпы мемлекеттік кешенді бағдарлама жобасын дайындау.

## 2. Түсіндірме жазба

### 1. Жалпы ақпарат

1.1. Жоба тақырыбының атауы: «Террористік және экстремистік бағыттағы құқықбұзушылықтар мен қылмыстарды қарсы іс-қимыл тиімділігін арттырудың ситуациялық тәсілі»

1.2. Тапсырыс берілетін ғылым дамуының басым бағытының атауы. 6. Ғылыми негіздер «Мәңгілік ел» (XXI ғасыр білімі, гуманитарлық ғылым саласында іргелі және қолданбалы зерттеулер).

1.3. Тапсырыс беріліп отырған арнайы ғылыми бағытының атауы, зерттеу түрі. 6.1 Қоғамдық ғылымдар саласында іргелі, қолданбалы, пәнаралық зерттеулер. *Қолданбалы ғылыми зерттеулер.*

1.4. Жобаның жоспарланып отырған басталу уақыты және ұзақтығы. 1 қазан 2020 жыл, ұзақтығы - 27 ай (қазан 2020 ж. – желтоқсан 2022 ж.)

1.5. Гранттық қаржыландыруға сұралатын сомасы: Жобаның барлық кезеңінде: **52200606** теңге, с.і. жылдар бойынша: 2020 ж. – **11961788** теңге; 2021 ж. – **18651306** теңге; 2022 ж. – **21587512** теңге.

1.6. **Кілт сөздер** – терроризм, экстремизм, ситуациялық тәсіл, қарсы іс-қимыл, қылмыстық құқықбұзушылық, тергеу, ситуациялық –құқықтық модельдеу, ақпараттық қамтамасыз ету.

## 2. Жобаның жалпы концепциясы

### 2.1. Кіріспе бөлім

Жоба - террористік және экстремистік бағыттағы құқықбұзушылықтарға қарсы іс-қимылдың тиімді шараларын дайындауда ситуациялық тәсілді пайдаланумен байланысты қолданбалы ғылыми зерттеуді білдіреді, сонымен бірге террористік қауіп туған кезде ұйымдардың, бизнес құрылымдарының және халықтың құқықтық және заңды мүдделерін қамтамасыз етуге бағытталған.

Зерттеу барысында алынған ақпаратты жүйелеу және сараптау нәтижесінде террористік және экстремистік құқықбұзушылықтың алдын алу, ескерту және ашуға жұмылдырылған типтік қызметтердің алгоритмін дайындау жоспарланып отыр.

**2.2. Жобаның мақсаты:** Террористік және экстремистік бағыттағы құқықбұзушылықтарға қарсы іс-қимылды іске асыру мәселелеріне жүйелі кешенді тәсіл қажеттілігін, осы салада қабылданатын шаралардың тиімділігін арттырауға себеп болатын ғылыми негізделген ұсыныстар мен тәжірибелік ұсынымдар дайындау арқылы негіздеу. Сонымен қатар, экстремистік және террористік қылмыстардың алдын алу, ескерту, ашу және тергеудің типтік жағдайларының құқықтық моделін жасау.

### 2.3. Жобаның міндеті:

1) террористік және экстремистік бағыттағы құқықбұзушылықтардың жағдайы, құрылымы және динамикасы туралы статистикалық мәліметтерді жинау, зерттеу және сараптауды жүргізу арқылы террористік және экстремистік қызметке қарсы іс-қимыл саласындағы мемлекеттік саясаттың ресми ережелерін айқындауға мүмкіндік береді;

2) терроризм және экстремизммен күрестің тиімділігін реттейтін ұлттық заңнамалар, нормативтік-құқықтық актілер, тергеу және сот тәжірибесі кіретін институционалдық ортаға салыстырмалы-құқықтық сараптау жүргізеді;

3) террористік және экстремистік құқықбұзушылықты жасаудың экономикалық, әлеуметтік, құқықтық, адамгершілік және басқа да себептері мен жағдайларын зерттеу, террористік қызмеке азаматтарды енгізу механизмін анықтау және сол себептер мен жағдайларға әсер ететін ғылыми негізделген ұсыныстар мен тұжырымдар дайындау;

4) құрал-саймандар (сауалнама парақтары, анкеталар және т.б.) дайындау және терроризм және экстремизмге қарсы іс-қимыл жағдайы туралы екперттерге, құқық қорғау

органдарына және халыққа әлеуметтік сауал жүргізу және терроризмге қарсы қызметтің тиімділігін қамтамасыз ету бойынша шаралар ұсыну;

5) басқа елдердің тәжірибесін экстрополяциялау мүмкіндігіне отандық және шетелдік заңнамаға салыстырмалы-құқықтық сараптама жүргізу және құқық қорғау қызметінің нормативтік-құқықтық регламенттеуді жетілдіру бойынша ұсыныста енгізу;

6) алынған нәтижелерді ғылыми мақалаларда, конференцияларда, монографияларда, заңдарға түсініктемелерде және т.б. жариялау жолымен апробациялау;

7) құқық қорғау органдарының қарсы іс-қимыл және құқықтық қамтуды ұйымдастыру жағдайын зерттеу жүргізу және террористік және экстремистік құқықбұзушылықтардың алдын алу, ашу және тергеу бойынша қарым қатынас тиімділігін арттыру бойынша ұсынымдар дайындау;

8) сот-тергеу тәжірибесін, типтің тергеу жағдайларын, қылмыстық әдістеме мен тактиканы зерттеу негізінде терроризмді тергеудің ақпараттық-құқықтық жүйесін дайындау;

9) террористік және экстремистік қызметке қарсы іс-қимыл тиімділігін арттыруға себеп болатын мүдделі құрылымдардың өзара қатынасын ұйымдастыратын типтік қылмысты ситуациялық моделін дайындау.

Зерттеуден күтілетін нәтижелер:

– террористік және экстремистік бағыттағы құқықбұзушылықтарға қарсы іс-қимылды ұйымдастыруды жетілдіру бойынша әдістемелік және тәжірибелік ұсынымдар кешенін дайындау;

- терроризмнің алдын алу және тергеудің ақпараттық-құқықтық ситуациялық моделін, сонымен қатар террористік және экстремистік қызметке қарсы іс-қимылды ұйымдастыру типтік алгоритмын дайындау;

- шетелдік тіжірибе, отандық менталитет және ел мен аумақтың әлеуметтік-экономикалық даму ерекшеліктерін ескере отырып, дайындау қырсы іс-қимылдың негізгі элементтері кіретін Жалпы мемлекеттік кешенді бағдарлама жобасын дайындау.

### **3. Ғылыми жаңашылдық және жобаның маңыздылығы.**

Қазіргі заманның басты проблемасы террористік акцияларды және экстремистік баянадамаларды жасау қауіпі болып табылады. Терроризм мен экстремизм көптеген елдердің және олардың азаматтарының қауіпсіздігіне қауіп төндіреді, қомақты әлеуметтік-экономикалық шығындарға келтіреді, халықтың жалпы массасына күшті психологиялық әсер тигізеді, ешқандай кінәсі жоқ адамдарың өміріне шын қауіп төндіреді. Осыған байланысты терроризм мен экстремизмге қарсы іс-қимылдың тиімділігін арттыруға бағытталған қолданбалы механизмдерді дайындау ақуалды болып көрінеді.

Қазақстанда терроризм мен экстремизмнің пайда болуына қарсы іс-қимыл бойынша белгілі жұмыстары жүргізілуде. Нормативтік-құқықтық база құрылды. 1999 жылғы 13 шілде күні «Терроризмге қарсы іс-қимыл туралы» және 2005 жылғы 18 ақпан күні «Экстремизмге қарсы іс-қимыл туралы» Қазақстан Республикасының Заңдары қабылданды. Бұл нормативтік актілерде экстремизм мен терроризмге қарсы іс-қимыл және алдын алудың құқықтық негіздері бекітілген, осы бағытта мемлекеттік органдардың құзыреттері бөліп берілген. Кейіннен осы нормативтік-құқықтық актілерге экстремизм мен терроризмге қарсы күрес механизмдерін күшейту мақсатында өзгерістер мен толықтырулар енгізілді.

Осымен қатар стратегиялық бағдарламалық құжаттар қабылданды, 2013-2018 жылдарға және 2018-2022 жылдарға арналған Қазақстан Республикасының діни экстремизм мен терроризмге қарсы іс қимыл бойынша Мемлекеттік бағдарламалар бекітілді. Олардың басты мақсаты азаматтарды радикалдандыруды болдырмау және экстремистік идеяларға сенетін тұлғаларды кері радикалдандыру бойынша мемлекет пен қоғамның күшін біріктіру болды. Басым бағыт ретінде діни экстремизмнің күштеп көндіруі мен терроризм қаупінен адамды, қоғамды және мемлекеттің қауіпсіздігін қамтамасыз ету белгіленген. Дегенмен, қабылданып жатырған шараларға қарамастан, жыл сайын экстремистік және террористік қызмет ұйымшыл болып бара жатыр және сондай топтардың қатарына жаңа тұлғалар енгізілуде. Экстремизм жақтастары жастар арасынан шығып жатырғаны өкінішті факт болып табылады.

Бүгінгі күні терроризм ұйымшыл, көпбейінді және мобильді болып кетті, тұрақты түрде террористік қызмет формалары мен әдістері, теракттерден бастап құқықбұзушылыққа бейім азаматтардың ой-өрісімен жұмыс жасауға дейін жетілдіруде. Көптеген зерттеушілердің көзқарасы бойынша терроризм – терроризмнің құбылыстарына дұрыс және мақсатты кері іс-қимыл жасау мүмкін еместігін есептегенде, өзінің анықталған сипаттамасы мен мазмұны бар қарқынды дамып келе жатырған жүйе. [1, с. 142].

Халықаралық террористің құрылымдар жастарға бейімделген пропагандалық акциялар үшін интернет алаңдарды кең пайдаланады [2; 3]. Көптеген зерттеушілер жастардың құқықтық сезімін төмен деңгейлігін белгілейді. Әсіресе, жастардың нақты өмірлік ұстанымдарының жоқтығы саяси шиеліністі, тұрақсыздықты күшейтеді және әлеуметтік саяси қақтығыстар негізі болып табылатын экстремистік бағыттағы қылмыстарға солардың көпшілігінің енгізілуі әлеуетті қауіп тудырады [4, с. 23; 5, с.19].

Оң идеалдардың болмауы, әлеуметтік кепілдердің проблемалары, өзінің күштері сенімсіздік, қимылдары тек жеке басының әл-ауқатына бағытталуы экстремистік бағыттағы жастар бейресми бірлестіктерінің құрылуы үшін негіз болып табылады [6, с. 238].

Осыған байланысты, әлеуметтік экономикалық жағдайлар мен алғышарттарды ескере отырып, халықпен жұмыс істеудің қазіргі заманғы әдістері мен құралдарына негізделген, құқықбұзышылықтардың алдын алудың тиімді жүйесін дайындау қажет [7, с. 238], сондай-ақ аймақтық ерекшеліктер [8].

ҚР ұлттық қауіпсіздігі комитетінің бұқаралық қызметі тек терроризм мен экстремизм насихаты бар материалдарды блоктауға негізделген. Мысалы, ҚР ҰҚК мәліметі бойынша 2018 жылы интернет пен әлеуметтік желілерде 620 мың материалдар блокталған (салыстыру үшін 2015 жылы- 150 мың, 2016 жылы-700 мың), бірақ бұл жұмыс ақпараттық топтамаға халықтың қызығушылығын төмендетпейді [9]. Сонымен бірге, ақпараттық желілерде жарияланған материалдардың мазмұнының сараптамасы жақсы теориялық өңделумен, пайдаланушыларға ақпараттық психологиялық әсер етудің ойластырылған жүйесімен, ресурстардың қорғалуымен ерекшеленеді және терроризм мен экстремизм идеологиясын жылжытуымен байланысты негізгі интернет-ресурстардың контенттерінің шабуылды, агрессивті сипаттары туралы куәландырады [10, с. 197].

Қазіргі уақытта терроризмді ақпараттық қоғамдастық дамуының ортасында қарап, ерекшелігін технологияларды пайдалану, интернет желісінің жылдам дамуы болып табылатын ерекшелігін ескеру керек. Дегенмен, бұл саладағы құқықтық реттеу мемлекеттің нақты қажеттілігінен қалып қояды. Интернет желісінің жалпыға қолжетімділігі және оны пайдаланушылардың санының шапшаң көбеюін ескере отырып, интернет қатынастарын реттеуге бағытталған шешімдер, әсіресе жалпы желі мүмкіндіктерімен байланысты ерекшеліктерді шешу мәселелері бүгінгі күні өзекті болып табылады [11, с. 16].

Экстремизм мен терроризмге қарсы іс-қимыл саласындағы бар зерттеулер негізінен жалпы өткен әлеуметтік экономикалық өзгерістерді ескеременде, саяси немесе философиялық бағытты ұстанады [12; 13; 14; 15]. Заңгерлер өздерінің зерттеулерінің бағыттарын қылмыстық құқықтық немесе криминалдық проблемалармен байланыстырады [16; 17].

Соның арасында, қазіргі заманғы жаһандану уақытында, ұлтаралық және конфессияаралық қақтығыстарға асып кететін террористік қызметтің формалары мен әдістерінің жетілдірілуі жүріп жатырғанын ескеру керек [18]. Әр түрлі сепаратистік қозғалыстар өз мақсаттарында нарқасауда, заңсыз қару бизнесімен және басқа салада мамандандырылған ұйымдастырылған қылмыстық құрылымдарды кеңінен пайдаланады, және мемлекеттердің тұрақтылығы мен ұлттық қауіпсіздігіне нақты қауіп төндіреді. Бүгінгі күні терроризм мен экстремизм барлық халықаралық қоғамға нақты қауіп тудырады. Осы саладағы бар проблемалардың өзектілігі туралы Нұр-Сұлтан қаласында өткен халықаралық конференция куәландырады [19].

Осыған байланысты терроризм мен экстремизмге қарсы іс-қимыл жүйесіне тәсілдерді қайта ойлау қажет, ал ол үшін тек әлеуметтік құқықтық емес, ақпараттық техникалық жетілдіру мүмкіндіктерін пайдалану арқылы қарсы іс-қимылдың тиімді механизмдерін дайындауға бағытталған кешенді қолданбалы зерттеулер жүргізу қажет.

Өкінішке орай, Қазақстанда аз ғана басылымдар бұл мәселеге арналған [20; 21], терроризм мен экстремизмнің көріністеріне қарсы тұру проблемаларын байыпты зерттеу жүргізілмеді, ал Қазақстанда одан да ауқымды зерттеулер жүргізілмеді.

Жүргізілген зерттеулер, терроризмді насихаттау мен экстремизмнің басқа да көріністерімен күресте бұқаралық ақпарат құралдарының рөлінің күшеюі қажеттілігі көрсетілген. Құқық қорғау органдары мен ғылыми қоғамдастық бұқаралық ақпарат құралдары арқылы қабылданатын жатырған коншаралар туралы халыққа тек ақпарат беріп қоймай, экстремизм мен оның шеттен шыққан формасы-терроризмнің адамзатқа қарсы бағыты түсіндіру жұмыстарын жүргізу қажет. Сонымен бірге, экстремистік акциялардың ұйымдастырушылары мен орындаушыларының халықты тікелей айналдыру әрекеттерін блоктап, медиапедагогика ресурстарының мазмұнын жастар арасында сынайтын, өзіндік ойлауды, медиатексттерді сараптай білуді дамытуға бағыттау қажет [22, с. 271].

Жұмыстың осы бағытын күшейту үшін, экстремистік насихатты жою және заңсыз әрекеттердің алдын алу бойынша ғылыми-негізделген ұсыныстарды жіне әдістемелік ұсынымдарды дайындау мақсатты көрінеді. Соның ішінде 2000 жылы құрылған Тәуелсіз Мемлекеттер Достастығы қатысушыларының мемлекеттердің Терроризмге қарсы орталығының атқарымдары мен ұсыныстарын пайдалану ұсынылады [23, с. 13].

Әсіресе, 2007 жылы 5 қазанда ТМД қатысушыларымен қылмыстық табыстарды заңдастыруға (жылыстатуға) және терроризмді қаржыландыруға қарсы іс-қимыл туралы келісім шартқа қол қойылды, ол терроризмді қаржыландырумен күрес туралы халықаралық құқық нормаларына ұлттық заңнамалары сәйкестендіру қажеттілігін айқындайды. Осы ережелерді орындау үшін 2009 жылы 28 тамызда Қазақстан сәйкес ұлттық нормативтік құқықтық акт қабылдады. Бұл заңда қылмыстық жолмен алынған табыстарды заңдастыруға (жылыстатуға) және терроризмді қаржыландыруға қарсы іс-қимылдың кешенді аспектілерін анықталған, қылмыстық жолмен алынған табыстарды заңдастыруға (жылыстатуға) және терроризмді қаржыландыруға қарсы іс-қимыл саласындағы ҚР уәкілетті және басқа да мемлекеттік органдарының, қаржылық мониторинг субъектілерінің құқықтық қатынастары регламенттелген [24].

Дегенмен, қылмыстық жолмен алынған табыстарды заңдастыру (жылыстату) және терроризмді қаржыландыру мәселелерін тәжірибелік іске асыру, құқықтық негіз бола тұра, мемлекеттік органдарда нақты қиындықтар тудырады. Пайда болатын проблемаларды одан әрі зерттеу қажет, және де оларды жеңудің тиімді шараларын дайындау бойынша кешенді іздеулер жүргізілуі керек.

Терроризмге қарсы қызметтің маңызды аспекті террористік және экстремистік құқық бұзушылықтарды табу, алдын алу, ашу және тергеу болып табылады. Бұл бағыт құқық қорғау органдарына жүктелген және оларды ұйымдастыруға жоғары деңгейдегі талаптар қажет етеді. Тергеу тиімділігі тергеу бөлімшелерінің, анықтау органдарының қызметкерінің, мемлекеттік мекемелердің лауазымды тұлғаларының және бизнес құрылымдарының арасындағы өзара қатынасты дұрыс ұйымдастыруға және олардың келісіген қызметіне байланысты [25, с.104; 26, с.16; 27, с.48; 28, с. 50]. Мұнда жетістікке жету жасалған немесе дайындалып жатырған террористік немесе экстремистік қылмыс туралы толық көлемде ақпаратты уақытында алу болып табылады. Алынған және жүйелі өңделген ақпарат негізінде тергеу алгоритмін құра алатын ситуациялық құқықтық модель құрастыру және мүдделі органдардың өзара қатынасының ұйымдастырушылық әдістемелік жүйесін құру мүмкіндігі бар.

Осыған байланысты, ғылыми негізделген ұсынымдарды дайындау және мүдделі бөлімшелердің қызметін үйлестіруге және террористік және экстремистік бағыттағы құқықбұзушылықтарға қарсы іс-қимыл дағдыларын қалыптастыруға бағытталған типтік тергеу жағдайларын модельдеу өзекті болып көрінеді. Өкінішке орай, бұл бағытта тек кейбір мақалалар ғана бар [29; 30].

Экстремистік және террористік бағыттағы қылмыстарды тергеу әдісі мен тактикасына аса көңіл бөлу қажет. Осы мақсатта тергеуді этаптауға негізделген және осы түрдегі қылмыстардың алдын алу және ашудың негізгі элементтерін құруға негізделген жүйе қалыптастыру керек. Тергеу және оперативтік бөлімшелердің қызметінің тиімділігін

арттыруға себеп болатын маңызды ақпаратты табуға бағытталған тергеудің дайындық және негізгі этаптарын модельдеу қажет [31; 32].

Аталған ерекшеліктерді есептеу аталған қылмыс түрін тергеу әдістемесінің негізіне салыну керек. Мұндай әдіс тергеудің тиімділігін едәуір арттыруы мүмкін. Бірақ, құқық қорғау органдары қызметкерлерінің дайындық деңгейінің төмендігіне байланысты тергеу қимылдарын өндіру сапасымен, оперативті іздеу шараларының нәтижелілігінде, олардың өзара қарым қатынасының тиімділігінде проблемалар пайда болады. Сондықтан, осы қылмыс түрін тергеу әдісі мен тәсілі бойынша негізделген ұсынымдар дайындалу қажет. Өкінішке орай, бұл бағыттағы жұмыстар әлі жеткіліксіз [33, с. 25].

Қазіргі заманғы жағдайда терроризм мен экстремизмге қарсы іс-қимыл саласындағы зерттеулердің тәжірибелік маңыздылығымен қатар, ғылыми өзектілігін атап өту керек. Осы қорытындыны шетелдік ғалымдар да айтады [34; 35; 36].

Экстремизм мен терроризмге қарсы іс қимыл тиімділігін арттырудың маңызды шарты саяси, әлеуметтік, экономикалық, идеологиялық және насихаттық аспектілермен қатар, типі, дайындау және жүргізу формасын есепке алып, террористік акциялардың дамуына себеп болатын жағдайларды жою бойынша аспектілер кіретін жалпы мемлекеттік кешенді бағдарламаны, сонымен қатар терроризмнің ағымды жағдайы мен жобалануы мониторингін дайындау болып табылады.

Жобаның ұлттық масштабтағы маңыздылығы қоғамдық дамудың жалпы әлемдік тенденциясымен, сонымен қатар мемлеке басшылығы өзінің баяндамаларында, өкімдерінде және бағдарламалық құжаттарында жақын арадағы даму перспективасына берілген стратегиялық бағыттармен негізделген.

Өткізілген зерттеулер нәтижесі діни экстремизмге қарсы іс-қимылда конфессия аралық келісімді күшейтуге оң әсер етеді, терроризмнің алдын алу саласындағы негізделген тәсілдерді ойласытуға себеп болады. Зерттеу барысында дайындалуы жоспарланған процесстік қимылдардың алгоритм моделі пайда болатын жағдайға байланысты аталған қылмыс түрлерін тергеудің тиімділігін арттыруға маңызды көмек көрсетуі мүмкін.

Жоспарланып отырған зерттеулердің қолданыстағы сондай жобалардан ерекшелігі кешенді, пәнаралық жүйелі тәсілінде болып табылады. Терроризм мен экстремизмге қарсы іс-қимыл саласындағы бұрын өткізілген зерттеулер негізінен әлеуметтік саяси, қылмыстық және идеологиялық бағыттағы мәселелерді қарады. Қылмыстық-процессуалдық, криминалистік және оперативті тергеу аспектілері кешенді пәнаралық зерттеуге жатпады, және де бейтарап және ішкі ведомстволық сипатта болды. Нормативтік-құқықтық актілерді жүйелі сараптау жолымен, қолданыстағы құқық қабылдау тәжірибесін, шетелдік тәжірибені және республиканың әлеуметтік экономикалық жағдайын зерттеу барысында отандық заңнаманы жетілдіру бойынша ғылыми негізделген ұсынымдар дайындалып, оның қолдану тәжірибесі қалыптастырылады.

#### **4. Зерттеу әдістері мен этикалық мәселелер**

Жоспарланып отырған зерттеудің әдістемелік негізі ситуациялық тәсіл болып табылады, ол көптеген пайда болатын жағдайларды жүйелі және жан-жақты зерттеуге, сонымен қатар типтеудің негізгі себептерін бөлуге және соның негізінде экстремистік радикалдық ағымдардың таралуы және террористік акция жасау мүмкіндігі бар жағдайларда қоғамдық проблемаларды шешудің аса рационалды жолдарын қалыптастыруға мүмкіндік береді. Осымен қатар, ситуациялық тәсіл экстремизм мен терроризмге қарсы іс-қимыл саласында тиімді механизмдерді қалыптастыру үшін типтік жағдайларды шешудің оптималды бағдарламаларын дайындауға мүмкіндік береді.

Зерттеу барысында объективті қызметті танудың жалпы және жеке әдістерін пайдалану болып жоспарлануда. Эмпирикалық әдістер ретіне бақылау, салыстыру, өлшеу, эксперимент пайдаланылады. Теориялық зерттеу негізін келесі әдістер: ғылыми әдебиетті үйрену, абстракциялау, сараптама мен синтез, индукция мен дедукция, абстрациядан нақтыға жету және басқалар құрайды.

Жүргізілетін зерттеу ерекшеліктері юолып пәнаралық ситуациялық тәсілді пайдалану

арқылы терроризм мен экстремизмге қарсы іс қимыл проблемаларын кешенді қарастыру болып табылады. Қолданыстағы салалық заңнама ережелерін корреляциялау арқылы құқық қорғау органдарының қызметін ұйымдастыратын тиімді механизмдерді дайындау және алдын алу, ашу және осы құқық бұзушылықтарды тергеу процесстерін құқықтық реттеуді жетілдіру жоспарлануда.

Тәжірибелік бөлімін іске асыру үшін келесі әдістерді қолдану жоспарланып отыр: сауал салу, интервью беру, эксперттік сауал, аналогия, экономикалық статистикалық және салыстырмалы құқықтық сараптау, сапалы және сандық сараптама, әлеуметтік эксперимент, қоғамдық үдерістерді математикалық модельдеу әдісі. Осы әдістерді пайдалану күшті репрезентативті материал алып, оның көмегімен құқық қорғау және басқа да мүдделі органдардың қызметін нәтижелілігі жағдайын бағалау жүргізуге, аса проблемалық аспектілерді анықтауға және заңнаманы жетілдіру мен оны пайдалану тәжірибесінің ең негізгі бағыттарын анықтауға мүмкіндік береді.

Құқық қорғау құрылымының экстремизма және терроризмге қарсы іс-қимыл жағдайын және деңгейін зерттеу кезінде, сонымен қатар осы қызметтің нәтижелілігін е халықтың қатынасы мәселелерә бойынш анкеталау кезінде әлеуметтік сауал, эксперттік сауал және интервью жинау падаланылады.

Осы міндетті шешу кезінде респонденттердің тәжірибесі жоқтығымен, жалпы әкімшілік барьерлерге сілтеме, қойылған сұрақтарға респонденттердің шын жауап бермеуі қиындық туғызуы мүмкін. Балама шешім болып бұрын берілген ғылыми зерттеулердің, соның ішінде Қазақстан жұмыс атқаратн тәуелсіз халықаралық ұйымдардың мәліметтері болуы мүмкін. Сонымен қатар, ақпарат бұқаралық ақпарат құралдарынан, ресми статистика материалдарынан, ғылыми көпшілік көздерінен ақпарат алынуы мүмкін.

Зерттеулер барысында респонденттерден нақты ақпарат алу, сонымен қатар статистикалық есеп мәліметтері мен оперативті тергеу қызметінің нәтижелерін алу бойынша проблемалар пайда болуы мүмкін. Балама ретінде ғылыми мақалалар мн қылмыстық құқық, криминалистика және оперативті тергеу қызметі саласындағы мамандардың сыни пікірлерін, сонымен қатар отандық және шетелдік ғалымдардың жарияланған және осындай зерттеулер жүргізілген кезде алған нәтижелерін алуға болады.

Құқықбұзушылықтарды ашу және тергеу кезінде қарым қатынасты ұйымдастыруды жетілдіру бойынша ұсыныстар дайындалған уақытта қолданыстағы заңнаманың шектеулігі және ондай қарым қатынастың формалары мен әдістері туралы объективтік ақпараттың толық болмауы мүмкін. Балама ретінде қоғамдық қатынастардың басқа салаларындағы мемлекеттік реттеу механизмін сәйкестендіру, қарым қатынастардың ескі формаларын қайта қарау және ақпараттық технологияларды пайдалану арқылы тергеу процесстерін оңтайландыру болуы мүмкін.

Қолданыстағы нормативтік құқықтық базаны жетілдіруге байланысты міндеттерді шешудің сынақ нүктесі қажетті көлемдегі репрезентативті материалдың болмауымен байланысты. Балама болып мемлекеттік құқықтық статистика мәліметтері, құқықбұзушылытардың алдын алу және ескерту бойынша қолжетімді ақпараттық ресурстар, заңнаманы жетілдірумен айналысатын ғалымдардың ашық көздердегі ғылыми мақалалары табылады.

Терроризм және экстремизммен күрестің халықаралық тәжірибесін зерттеу, сонымен қатар құқық қорғау органдарының қызметінің тиімділігін арттыру жүйесін дайындау кезінде салыстыру-құқықтық және сыни сараптау әдістері, аналогиялар, сапалы және сандық сараптау пайдаланылатын болады. Нәтижесінде қажетті көлемдегі ақпарат алу және оның нақтылығы туралы сұрақтар тууы мүмкін. Балама ретінде ресми құқықтық статистика мәліметтері, ғылыми өңдеулер мен зерттеулердің жарияланған материалдары алынуы мүмкін. Ақпараттық технологияларды пайдалану арқылы қылмыстарды ашу және тергеумен байланысты үдерістерді оңтайландыру жүргізілуі мүмкін.

Терроризмді тергеудің ақпараттық құқықтық жүйесін дайындау үдерісінде алғашқы ақпаратты бағалаудың ақпараттық және құқықтық әдістері пайдаланылатын болады. Зерттеу барысында сәйкес ақпараттың болмауы проблема болуы мүмкін. Балама шешім ретінде сот пен тергеу бөлімшелерінің архивтік материалдарын пайдалану, сонымен қатар заң көздері

мен сот-тергеу тәжірибесіне шолуды зерттеу болуы мүмкін.

Мүдделі құрылымдардың қарым қатынасын ұйымдастырудың ситуациялық моделін дайындау үдерісінде ақпараттық және математикалық модельдеу әдістері пайдаланылуы мүмкін. Зерттеу барысында сәйкес біліктілігі бар бағдарламашылардың және сәйкес жиынтықты компьютерлік техниканың болмауы мүмкін. Балама шешім болып қосымша оқыту курстарын өткізе отырып, бағдарламашыға оқып жатырған студенттер мен магистранттардың әлеуеті, сонымен қатар грант қаражаты арқылы компьютерлік техника мен бағдарламалық қамтамасыз ету алу шығады.

Жобаны іске асыру барысында зерттеу тобы ҚР Конституциясына, ҚР «Авторлық құқық және сабақтас құқықтар туралы», ҚР «Қазақстан Ресубликасының кейбір заңнамалық актілеріне зияткерлік меншік саласын құқықтық реттеу мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы» 2015 жылғы 7 сәуірдегі заңы, заңгер мен социологтың кәсіби кодексі негізге алынады.

Осы жобаны іске асыру шегінде ғылыми этика принциптері, яғни басқарудың этикалық формалары қамтамасыз етіледі және сақталады. Соның ішінде зияткерлік адалдықтың жоғары стандарттары қолданылады және ғылыми мәліметтерді фабрикациялау, фальсификаци, плагиат, өтірік автор болу, басқа қатысушылармен келісімсіз зерттеу нәтижелері мен мәліметтерін ұжымдық зерттеудің бөлек қатысушыларымен пайдалану болдырылмайды.

Зерттеу нәтижесінің зияткерлік меншігіне негізгі құқығы ҚР ҰБМ ғылым комитетіне беріледі. Зияткерлік меншікті қорғау әдісі мен алынатын материалдарды сілтемесіз пайдаланудың кепілі болып зерттеу тобының мақалаларын «Антиплагиат» жүйесінде тексеру болып табылады.

Егер грант беруші зерттеу тобын толық қаржыландырмаған қауіпі нәтижесінде зерттеу тобы толық жинақталмаған кезде зерттеу тобының негізгі мүшелерінің тәжірибесі мен біліктілігі функцияларды қайта бөлуге және қосылмағандардың қызметіне өздері атқаруға мүмкіндік береді.

## 5. Зерттеу тобы және жобаны басқару.

**1. Жобаның ғылыми жетекшісі:** Нургалиев Бахыт Молдатьяевич, заң ғылымдарының докторы, профессор, криминалистика, қылмыстық процесс пен жедел іздестіру қызметі саласының маманы. Ғылыми метрикалық базада профилі бар, <https://orcid.org/0000-0002-3017-3610>; Web of Science және Scopus халықаралық базаларында жарияланымдары бар, Scopus базасы бойынша Хирша индексі 2-ге тең, <https://www2.scopus.com/authid/detail.uri?origin=resultslist&authorId=56275926800&zone=>

Зерттеу бағыты бойынша келесі мақалалары жарияланған:

1. Bakishiev, K.A., Khanov, T.A., Nurgaliev, B.M., Abdrahmanov, D.S. Punish ability and punishment for careless transport crimes // Journal of Advanced Research in Law and Economics. 2019. № 10(1), с. 41-51 DOI: 10.14505/jarle.v10.1(39). (Квартиль 2, процентиль 70) <https://www2.scopus.com/sourceid/21100286923?origin=resultslist>

2. Nurgaliyev B.M., Kussainova A.K. Legal regime of funding the law enforcement agencies // Asian Journal of Scientific Research. 2015. Т. 8. № 2. С. 142-148. DOI: 10.3923/ajsr.2015.142.148 (Квартиль 3, процентиль 59). <https://www2.scopus.com/sourceid/16500154707?origin=resultslist>

3. Nurgaliyev B.M., Lakbayev K.S., Boretsky A.V., Kussainova A.K. The informal funds transfer system "Hawala" as a segment of the shadow economy: social impact assessment and framework for combating // American Journal of Applied Sciences. 2015. Т. 12. № 12. С. 931-937. DOI: 10.3844/ajassp.2015.931.937 <https://www.scimagojr.com/journalsearch.php?q=6400153122&tip=sid&clean=0>

4. Nurgaliyev B., Ualiyev K., Simonovich B. Police corruption in Kazakhstan: the preliminary results of the study // Review of European Studies. 2015. Т. 7. № 3. С. 140-148. <https://www2.scopus.com/sourceid/21100228751?origin=resultslist>

5. Nurgaliyev B.M., Boretsky A.V. Resistance to investigation of crimes, related to human trafficking: The forms, methods and ways to overcoming // Mediterranean Journal of Social



6. Nurgaliyev B.M., Syzdyk B.K., Boretsky A.V. The realities and patterns of crime in Kazakhstan: some approaches to its analysis // The Social Sciences (Pakistan). 2016. T. 11. № 6. С. 1069-1078. DOI: [10.14505/jarle.v10.1\(39\).06](https://www2.scopus.com/sourceid/21100212600?origin=resultslist)

<https://www2.scopus.com/sourceid/21100212600?origin=resultslist>

7. Nurgaliyev B., Lakbaev K. The minimization of social impacts (cost) of organized crime under the criminal legislation of the Republic of Kazakhstan // Science and Education in Australia, America and Eurasia: Fundamental and Applied Science(Australia, Melbourne, 25 June 2014) The 1st International Academic Conference с.475-479.

8. Karpov A.S., Babesin M.A., Gerasina O.N., Gerasina J.A., Nurgaliyev B.M. Improving the professional training of future economists in kazakhstan based on the experience of the USA *Espacios*. 2017. T. 38. № 56. С. 22.

9. Нурғалиев Б.М., Лакбаев К.С., Кусаинова А.К. Проблемы правоприменительной практики негласных следственных действий в казахстане // Вестник Санкт-Петербургского университета. Право. 2019. Т. 10. № 3. С. 577-585. DOI: [10.21638/spbu14.2019.312](https://elibrary.ru/item.asp?id=41167357). <https://elibrary.ru/item.asp?id=41167357>

Жобадағы ролі: зерттеу тобы мүшелерінің қызметін үйлестіру, зерттеуді ұйымдастыру, нәтижелерді талдау және қорыту. Эмпирикалық материалдарды жинақтау үшін ғылыми іссапарларды жүзеге асыру. Мақалалар, монографияларды дайындау. Дөңгелек үстелдер, ғылыми-практикалық конференцияларды ұйымдастыру және өткізу. Терроризм мен экстремизмге қарсы іс-қимыл тактикасы мен әдістемесін жетілдіру бойынша ұсыныстарды әзірлеу.

**2. Бас ғылыми қызметкер (шетелдік ғалым):** Волчецкая Татьяна Станиславовна, заң ғылымдарының докторы, профессор, И. Кант атындағы Балтық федералдық университетінде жұмыс жасайды, заң институтының қылмыстық процесс, криминалистика және құқықтық информатика кафедрасының меңгерушісі, РФ жоғары мектебінің еңбегі сіңген қызметкері, Халықаралық криминалистер ассоциациясының Вице-президенті. 270-тен астам еңбектері жарияланған. Тағылымдаманы Упсала қ. (Швеция), Турку қ. (Финляндия), Берген қ. (Норвегия), Грайфсвальд және Гамбург (Германия) қалаларында, сонымен қатар Кембридж университеті (Ұлыбритания) мен АҚШ, Канада университеттерінде өткен. Web of Sciences халықаралық базаларында жарияланымдары бар, РФДИ базасы бойынша Хирша индексі 15-ке тең.

Т.С. Волчецкая ситуациялық тәсілдеме және криминалистік ситуалогия туралы оқу әзірлеушісі, қызығушылық аясы криминалистикадағы ситуациялық моделдеу, тұлғаны криминалистік зерттеу, экстремизм мен терроризмге қарсы іс-қимылдағы ситуациялық тәсілдеме, сыбайлас жемқорлыққа қарсы әрекет, экологиялық қылмыс мәселелері, сот сараптама мәселелері болып табылады. Заңгерлерді оқытудағы заманауи инновациялық тәсілдемелер. Т.С. Волчецкаяға жобаның мақсатқа жетуі мен күтілетін нәтижелері бойынша негізгі рол беріледі, ол кеңес беру мен әдістемелік құрамдас бөлікті үйлестіру, зерттеу бағытын жүзеге асырады.

